

## ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

### АННОТАЦИЯ

Қазіргі заманға сай білім саласында жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор. Қазіргі кезде білім берудің негізгі талаптарының бірі- жаңа білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін интенсификациялау, ХХІ ғасыр оқушысын мен студентін қалыптастыру болып табылады. Бұл талаптарды орындау үшін оқытудың әр түрлі тиімді формаларын қолдану қажет. Оқытудың тиімді формаларының бірі - топтық жұмыс болып табылады. Мақалада ЖОО топтық жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибе, топтық жұмыстың тиімділігі қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** ЖОО, топ, топтық жұмыс, тәжірибе, тиімділігі

### АННОТАЦИЯ

На сегодняшний день важность применения новых технологий в области образования очень велика. Основным из требований современного образования является совершенствование непрерывного образования, интенсивность учебного процесса, формирование ученика и студента ХХІ века. Для выполнения этих требований необходимо использовать различные формы обучения. Одной из таких форм является групповая работа. В статье рассматривается опыт реализации групповой работы в ВУЗе.

**Ключевые слова:** ВУЗ, группа, групповая работа, опыт, эффективность

### ABSTRACT

To date importance of application of NT in area of education is very great. Basic from requirements modern educations there is perfection of continuous education, intensity of educational process, forming of student and student of XXI century. For implementation of these requirements it is necessary to use the different forms of educating. One of such forms is group work. In the article experience of realization of group work is examined in Institution of higher learning.

**Keywords:** INSTITUTE of higher, group, group work, experience, efficiency

Қазіргі заманға сай білім саласында жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор. Қазіргі кезде білім берудің негізгі талаптарының бірі- жаңа білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін интенсификациялау, ХХІ ғасыр оқушысын, студентін қалыптастыру болып табылады. Бұл талаптарды қанағаттандыру үшін оқытуды әр түрлі тиімді ұйымдастыру қажет. Оқытудың тиімді әдістерінің бірі - топтық жұмыс болып табылады. Топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігін тәжірибемен байқадым.

Ең алғашында, өз сабақтарымда топтық жұмыстарды өткізуге қарсы болдым, яғни бұндай жұмыстың өз пәндерімді оқытқан кезде тиімсіз деп ойладым. Бірақ, «Адамның санасы тек басқа адамдармен қарым-қатынаста ғана дамиды, тек қарым-қатынас әрекеттері ғана бізді жаңа түсінікке әкеледі. Ал қарым-қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға (олардың пікіріне, идеяларына, көзқарасына, мінезіне) бейімдеу» - деп, айтылған екен.[1, 88б].

«Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуге болады. Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді» [2].

Оқытудың топтық формасын «5В011100-Информатика» мамандығының 3 курс студенттеріне «Информатикадан есептерді шешу практикумы» пәні бойынша дәріс және практикалық сабақтарда қолдандым.

Дәріс кезінде ең алдымен «Капитан» ойының пайдаланып, студенттерді 3 топқа біріктірдім. Топтардағы студенттердің білім деңгейі, жұмыс істеу ережелері әртүрлі болып шықты. Бір топтың студенттері болғанымен, топқа біріккен кезде, ең алдымен ашылмай, тартынып отырды, бірақ сабақ барысында тапсырмаларды берген кезде ашыла бастады.

Студенттерге слайд арқылы сурет көрсетіліп, тақырып бойынша сұрақтар қойылды. Әркім өз ойларын топта айтып, бір-бірімен пікір алмасты. Іштерінен көшбасшы шығарып, дәріс тақырыбын тұжырымдады.

Содан кейін әр топқа тақырып бойынша гипермәтін таратып берілді. INSERT кестесімен жұмыс жасауды үйретілді, тақырыпшаларды топтарға үлестірілді.

Студенттер гипермәтінді оқып, INSERT кестесін өз тақырыпшаларына қатысты толтырып, топта талқылады (сурет1).



Сурет1. Студенттердің топтық жұмысы

Джигсо әдісі бойынша басқа топ құрап, өз топтарында қарастырылған сұрақтармен бөлісті. Мен топтың жұмысына қолдау көрсетіп, оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін ықпал еттім. Өйткені «топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін, мұғалім бастапқы кезеңдерге барынша көп қолдау көрсетуі керек» [үлестірме материалдар, бірінші апта, бірінші «бетпе-бет» кезеңі].

Бөлінген тапсырмаларды толықтай және тиімді орындау үшін, топтар шағын болу керек. Сондықтан студенттерді 1 ден 3 дейінгі сандар жазылған әртүрлі стикерлер бойынша топтарға біріктіріліп, өз сұрақтарын талқылады, ортақ постер жасады. Әр топ постер қорғады. Қателіктерін түзеді.



Сурет2. Топтардың постер қорғау сәті

Студенттердің жұмысын бақылап отырып, студенттерге топтарда жұмыс істеу өте ұнағанын байқадым.

Шағын топтық (немесе жұптық) жұмыстар үйренушілерде бірлік, бірегейлік (корпоративтік) сезімдер қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар екендігін аңғартады. Ал «Көптің түкіргені – көл», «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» екендігі баршаға аян, ұжым болып қандай да болмасын тапсырманы орындау қызық та тартымды шаруаға айналады.[1, 94б]

Топтық жұмыс ең алдымен, студенттердің оқуға, танымға, пәнге деген қызығушылықтарын оятады. Екіншіден, студенттер туындаған сенімсіздік, қобалжу мен мазасызданудан арылады, яғни «Мен тапсырманы орындай алмаймын, дұрыс болмайды» деген қорқыныш сезімі болмайды. Студенттерді тәртіпке үйренеді, өйткені топтың бірнеше негізгі ережелері болады. Үшіншіден, білімді меңгеру тиімділігін арттырады. Бірлескен кезде студенттер бір-бірін оқытып отырады. Топта жаңа инновациялық идеялар пайда болады, оларды талқылау барысында білімді меңгеру жоғарлайды. Топтық жұмыс студенттер тобындағы психологиялық жағдайды жақсартады, алынған ақпаратты ойластыруға және

талқылауға, басқалардың пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырады, яғни бір-бірімен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады, диалог жүргізіп, өз ойын дәлелдеуге үйретеді. Төртіншіден, оқытушылардың өздерін тәртіпке салып, өз сабақтарын қызықты етіп өткізуге, уақытты үнемдеуге, «өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластыруына» итермелейді.

Өткізілген сабақтардың нәтижесінде бүкіл студенттер белсенді жұмыс істегенін көрдім. Студенттерде пәнге деген қызығушылығы, өз жұмыстарымен қатар басқалардың жұмысын бағалаған кезде жауапкершіліктері арта түсті деп ойлаймын.

Дегенмен, басқа оқытушылар өз тәжірибелерінде топтық жұмысты тиімсіз пайдаланғандықтан және өзге оқытушылар деңгейлі бағдарламамен таныс емес болғандықтан, көпшілік топтық жұмыстарды сабақтарында пайдалануға қарсы. Менің ойымша бұл бағдарламамен бүкіл оқытушылар таныс болу керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: Оқу құралы. Алматы: Білім беру және ақпараттық инновациялық технологиялардың ғылыми-зерттеу орталығы, 2009. – 263б.

2. [http://cpm.kz/upload/iblock/382/lest\\_rme-materialdar-\\_1-\\_betpe\\_bet\\_-\\_1-apta\\_.pdf](http://cpm.kz/upload/iblock/382/lest_rme-materialdar-_1-_betpe_bet_-_1-apta_.pdf)

**Дошанова Бахыт Мугаловна,**  
ст.преподаватель кафедры иностранных языков,  
КГПИ, г. Костанай

## **САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА УЧАЩИХСЯ В МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЕ**

### **АННОТАЦИЯ**

*Шағын жинақты мектептер мәселесі бүгінгі күн актуалды. 70% мектеп Қостанай облысында шағын жинақты. Мектептегі оқушының өзіндік жұмыс – ол танылатын қызметтік ұйымдастыру нысаны, белсенділік, шығармашылық, инициативаны шешу міндетін талап ету. Сыныптағы оқушының дұрыс ұйымдастырған өздік жұмыс – басқа сыныптардың оқуды қалыпта жағдайда және шағын жинақтынегізгі мектепте сабақтың міндетті компоненті болады. Оқытушының іскерлігімен өз басшылығына сабақты алып және өздік жұмысының табысы сабаққа байланысты.*

***Түйінді сөздер:** шағын комплектілі мектеп, қосылған комплект-сыныбы, өздік жұмыс, дәстүрден тыс жұмыс әдісі, шығармашылық жұмыс, оқушылардың психологиялық ерекшеліктері.*

### **АННОТАЦИЯ**

*Проблема МКШ актуальна на сегодняшний день, особенно в Костанайском регионе, так как более 70% являются малокомплектными. Самостоятельная работа учащихся в МКШ – это форма организации их познавательной деятельности, требующая проявления активности, творчества, инициативы при решении задач. Правильно и эффективно организованная самостоятельная работа учеников одного из классов – условие нормальной учебной деятельности учащихся другого класса и является обязательным компонентом урока в малокомплектной школе. От умения учителя чередовать занятия под своим руководством и самостоятельную работу во многом зависит успех урока.*

***Ключевые слова:** малокомплектная школа, совмещенный класс-комплект, самостоятельная работа, нетрадиционный метод работы, творческая работа, психологические особенности школьников, чередование двух компонентов.*

### **ABSTRACT**

*Small schools – is an organization of education with a small contingent of students, combined class and sets and specific form of training sessions' organizing. Independent work of students in small schools – is a form of their cognitive activity's organizing, requiring demonstration of activity, creativity and initiative in problems solving. Correctly and efficiently organized independent work of students of a class – is normal condition of learning activities of students of another class, and it is a requiring component of the lesson in small schools. From the teacher's ability to alternate training and independent work under its management, largely depends on the lesson's success.*